

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының отын-энергетика кешендері кәсіпорындарының өзара есеп айырысуы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 желтоқсан 1993 ж. N 1241

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының отын-энергетика кешендерінің жұмысын тұрақтандыру және шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне, Ресей Федерациясына беруге арналған 800 мың тонна мұнайды "Қазақстанмұнайгаз" сыртқы экономикалық фирмасы арқылы орталықтандырылған тәртіппен Украина, Белоруссия және ТМД-ның басқа да елдерінің коммерциялық құрылымдарына Ресей сомына сатуына, ал одан түскен қаржыны Ресей Федерациясының мұнай өндіруші кәсіпорындарына берешекті өтеуге жұмсауына рұқсат етілсін.

2. "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарымен бірлесіп, "Қазақстанмұнайгаз" сыртқы экономикалық фирмасының ұсынуы бойынша осы көрсетілген мұнай көлемінің құнын Қазақстан мұнай өндіру бірлестіктеріне төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сыртқы

экономикалық байланыстар министрлігі "Қазақстанмұнайгаз" сыртэкономикалық фирмасына тиісті квоталар қарастырсын және лицензиялар беретін болсын.

(4 тармағы)

<*>

Ескерту. Осы қаулының 4-тармағының күші жойылды. ҚРМК -нің 1994 ж. 15 тамыздағы N 904 қаулысына сәйкес.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК